

МКҚК «Балауса» бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Қысқа дайындық»

**Орындаған: Шайржанова Л.А.
«Балдырған» тобының тәрбиешісі**

24.09.2025ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық», «Әлеумет».

Ұйымдастырылған Іс-әрекетінің түрі: «Қоршаған ортамен таныстыру», «Жапсыру».

Тақырыбы: «Қысқа дайындық».

Мақсаты: Жапсыру жұмыстары арқылы балалардың білімдерін нығайту, қиялдарын, ұсақ моторикаларын, қоршаған ортаға эстетикалық тәрбиелерін дамыту, эмоциялық сезімдерін тәрбиелеу, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, ұжымда және топта жұмыс жасау ниеттерін нығайту.

Қажетті құрал-жабдықтар: Қызынақ; қияр, шие (суреттері,) - желім, кайшы, сүлгі. Себетке көкөністер мен жемістердің муляжі.

Сабақтың барысы:

Мотивациялық қозғаушы:

Балалармен бірге шеңберге тұрады, қимылдар мен жаттығуларды бірге орындайды.

Жылулық шеңбер:

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де,
Қуанайық достарым,
Жарқыраған күнге.

Ұйымдастыру-ізденушілік:

«Сұраққа жауап бер» ойыны.

Тәрбиеші балаларға, күз мезгіліне байланысты сұрақтарды қояды.

Қанеки балалар шеңбер құрайықшы.

(Балалар қызыға қарайды).

-Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қазір күз мезгілі.

-Күзде ауа райы қандай болады?

Балалар: Күзде салқын жел, жаңбыр жиі жауады, жер саз болады.

-Жаңбыр жауғанда немен қорғанамыз?

Балалар: Жаңбыр жауғанда қолшатырмен қорғанамыз.

-Күзде құстар қайда ұшып кетеді?

Балалар: Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

-Күзгі ағаштардың өзгерістері қандай болады?

Балалар: Күзгі ағаштардың жапырақтары қызыл, сары, қоңыр болып, жерге түсіп қалады.

-Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы! Енді балалар орындықтарға отырыңдар. (Балалар өз орындарына отырады).

Тәрбиеші: Балалар жазда бақшада біздер не өсірдік?

Балалар: Қияр, қызынақ, шие, сәбіз, қызылша, тәті бұрыш, асқабақ.

Тәрбиеші: Міне балалар осы біздер өсірген, суарған, баптаған көкөністерімізден, жемістерімізден кампот және қияр мен қызанақты банкіге тұздаймыз.

-Жұмысымызды бастамас бұрын балалар саусақтарымызды жаттықтырып алайық.

Сергіту сәті:

Алма .алмұрт. Шие
Бау- бакшада өседі.
Кияр менен кызанақ
Бау -бакшада өседі.

Балалар жұмысын бастайды. (3 бала компот жасайды, 3 бала кияр мен кызынақ тұздайды)

Тәрбиеші: Балалар енді дайындаған компотымызды және тұздарған кияр мен кызынағымызды қоймаға алып қоямыз. (балалар қоймаға банілерін қояды)

Тәрбиеші: Балалар орындарымызға жақындайық, көздерімізді жұмайық, беске дейін санайық. 1,2,3,4,,5, көзімізді ашайық. Балалар енді

Рефлексиялық-коррекциялаушы:

-Балалар,біздер бүгін не жасадық?

Балалар: Қысқа дайындық.

-Қандай дайындық?

Балалар: Банкіге компот жаптық және кызынақ, кияр тұздадық.

-Енді біздер қысқа дайынбыз ба?

-Жақсы жарайсындар балалар. Сонымен сабақ аяқталды, рахмет сендерге, сау болыңыздар

Күтілетін нәтижесі:

Білу: күздің ерекшеліктерін;

Игереді: бір тапсырманы әр түрлі әдіспен орындайды;

Қолдану: ұқыпты жұмыс істеуді меңгереді.



